



ISSN 1607-2774

ФЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

№2 (90) 2020

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ
АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ

жемшөплен қамтамсыз етудің негізгі көзі болып табылады. Осыған байланысты жайылымдардың қазіргі жай-күйін зерттеу өзекті міндет болып табылады. Батыс Қазақстан облысы жайылымдарының өсімдік және топырақ жамылғысының өзгеру дәрежесі зерттеумен анықталды. Зерттеу деректері көрсеткендегі, облыс аумағында өсімдік және топырақ жамылғысының ең нашар көрсеткіштері бар жайылымдар З жартылай шөлейтті аймақта анықталған. Алдын ала деректер бойынша жайылымдық жерлердің жай-күйінің нашарлауының негізгі себебі ауыл шаруашылығы малдарын жаудың жүйесіз ұйымдастырылуы болып табылады. Сонымен қатар, облыс жайылымдық алқаптарының жай-күйінің нашарлауының табиғи факторы – аридті климаттың өсерінің күшеюі болып табылады.

Түйін сөздер: жайылымдар, өсімдіктер жамылғысы, топырақ жамылғысы, күйзелу.

THE STATE OF VEGETABLE VEGETATION DEPENDING ON THE DEGREE OF LOAD

B. Nasiyev

Grassland, which is the main part of the global ecosystem, occupying 37% of the Earth's Earth, makes a significant contribution to food security, providing most of the energy and protein needed by ruminants to produce meat and dairy products. As elsewhere, the problems of combating pasture degradation and the rational use of pasture ecosystems are also relevant for Western Kazakhstan. In the West Kazakhstan region, rangelands are the main sources of feed for agricultural production. animals. In this regard, the study of the current state of pastures is an urgent task. Studies have established the degree of change in vegetation and soil cover of pastures in the West Kazakhstan region. According to research data, in the pasture area with the worst indicators of vegetation and soil cover installed in the territories of 3 semi-desert zones. According to preliminary data, the main reason for the deterioration of pasture conditions is the unsystematic organization of agricultural pasture. animals. Along with this natural factor in the deterioration of the pasture conditions of the semi-desert zone is an increase in the influence of the arid climate.

Key words: pastures, vegetation cover, soil cover, degradation, productivity.

FTAXP: 68.35.37; 68.29.21

Б.Н. Насиев

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

КҮНБАҒЫСТЫҢ ЕГУ МЕРЗІМДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: Батыс Қазақстан климаты жағдайларында күнбағыс өсіру жылумен жақсы қамтылатындығына және вегетация мерзімінің ұзақтығына байланысты аса тиімді болып саналады. Соңғы жылдары Батыс Қазақстан облысындағы күнбағыстың егістік ауданы 40 мың гектардан асты, алайда майлы дәндөрдің түсімділігі әлі де болса тәмен (7,5-10,5 т/га). Осыған байланысты, өнімділікті арттыру және егіс алқаптарын кеңейту үшін күнбағыс өсірудің бейімделген технологияларын жасақтаудың маңызы зор. Батыс Қазақстанның 1-ши құргақ далалық аймақында күнбағыс өсірудің бейімделген технологиялары аз зерттелген. Сондықтан 2019 жылы осы аймақта күнбағыс егу мерзімін анықтау жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының 1-ши құргақ далалық аймағы жағдайында тұқым себу мерзіміне байланысты күнбағыстың өнімділігін бағалауға мүмкіндік беретін деректер алынды. 2019 жыл жағдайында 12,08 ү/га майдың ең жоғары шығымы күнбағыс 1 мерзімде егілген кезде алынды. Себу мерзімінің кешіктірілуі майлылық пен биологиялық түсімділікпен қатар майдың шығуын 2,96 ү/га немесе 24,50%-ға төмөндейтеді.

Түйін сөздер: күнбағыс, бейінді технология, себу мерзімі, өнімділік, майлылық.

Бейінді технологиялар жүйесінде топырақты егіс алдында дұрыс дайындау мен егіс егудің оңтайлы мерзімдерінің маңызы айтарлықтай болып табылады. Өдебиетте агротехникалық тәсілдерді қарқыннату арқылы арамшөптермен куресе отырып, егіс алдында және вегетация барысында гербицидтермен немесе гербицидтерсіз күнбағысты өсіру мүмкіндіктері туралы көптеген деректер көлтіріледі [1-7].

Қарқынды өсіру технологиясы кезінде күнбағыстың оңтайлы егіс мерзімі өсімдіктердің жақсы өніп-өсіп, дер уақытында, қаулап және толықтай өскін беруін анықтайдын маңызды шарттардың бірі болып табылады. Ұзақ уақыт бойы күнбағыс ерте себілетін дақыл болып саналып келді. Алайда қызып үлгермеген топыраққа майлы тұқымды сорттар мен гибридтерді отырғызған кезде, олар саңырауқұлақ ауруларына тез ұрынып, өміршендігін жоғалтып, бұл егістердің сиреуіне және түсімнің азаюына апарып соқтырады. Осыған

байланысты әдебиетте егіс мерзімдері (ерте, орташа және жай егу) туралы әртүрлі деректер бар [8, 9, 10].

Батыс Қазақстанның құрғақ далалық аймағында құнбағыс өсірудің бейімделген технологиялары аз зерттелген. Осыған байланысты біз осы аймақта арналған құнбағыс технологиясының элементтерін зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізудеміз.

Жұмыс ҚР БФМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында "Батыс Қазақстан жағдайында қолдану үшін мал азықтық және майлы дақылдарды өсірудің бейінді технологияларын жасақтау" жобасы бойынша орындалды.

Зерттеудің мақсаты өсімдік майын өндірушілерді сапалы шикізатпен қамтамасыз ету үшін Батыс Қазақстанда құнбағыс өсірудің бейімделген технологияларын зерттеу және бағалау болып табылады.

Тәжірибелерде Авангард құнбағыс буданы, БҚО құрғақ дала аймағына ұсынылған тұқым себу нормасы қолданылады. Топырақты өндеу жүйесі БҚО құрғақ далалы аймағы үшін қабылданған. Құнбағыс бойынша зерттеулер жүргізу кезінде облысымыз үшін ұсынылған мәлшерде азотты және фосфорлы минералды тыңайтқыштар қолданылды. Тәжірибеленің қайталануы, егіс салу кезіндегі мәлдектердің мәлшері мен орналасуы, фенологиялық фазалардың басталуына бақылау үйімдастыру, құнбағыстың өсуі мен дамуын есепке алу жалпы қабылданған әдістемелер бойынша жүргізілді [11].

Егудің оңтайлы мерзімін таңдау уақтылы және қаулаған өскіндерді алудың маңызды факторы болып табылады. 2019 жылғы зерттеулерде құнбағыс 27 сәуірде 1 мерзімде (тұқымдарды өндеу терендігіндегі топырақ 8-10°C дейін қызған кезде) және 7 мамырда екінші мерзімде (тұқымдарды өндеу терендігіндегі топырақ 12-14°C дейін қызған кезде) себілді. Майлы дәндерді өсіру кезінде егістіктің тығыздығы 1 гектарда 50 мың өсімдікті құрады. Қазіргі уақытта құнбағыс егудің ең көп таралған және тиімді тәсілі -қатар аралықтарына 70 см қалдырып, себу болып табылады. Бірінші және екінші мерзімдерде құнбағыс себу үшін топырақты егістік алдында дайындау туралы зерттеулерде ерте шығатын арамшөптердің өркендері мен өскіндерінің жаппай пайда болуы кезеңінде жүргізілген егіс алдындағы қопсыту туралы айттылады. Сонымен қатар екі мерзім ішінде де құнбағыс егіс алдындағы қопсыту жүргізілген күні себілді.

2019 жылғы зерттеулердің мәліметтері көрсеткендегі, 27 сәуірде (1 мерзім) егілген кезде құнбағыс 10 мамырда, себілгеннен кейін 13 күн өткенде көктең бастады. Майлы тұқымдарды өсіру кезінде құнбағыстың танапта көктеуі 87,60% құрады (1 гектарда 43,80 мың өсімдік). Егудің екінші мерзімінде (7 мамыр) құнбағыстың танаптың көктеуі бірінші мерзіммен салыстырғанда біршама тәмен болды. Майлы тұқымдарды өсіру кезінде 9 мамырда себілген құнбағыстың танапта көктеуі 90,00% құрады (1 гектарда 45,0 мың өсімдік). 2-мерзім нұсқасында себілген егістің толық өскіндері 17 мамырда, яғни себілгеннен кейін 7 күннен кейін белгіленген.

Бақылау деректері көрсеткендегі, 1 мерзіммен салыстырғанда 2 себу мерзімінде егіс-көктеу кезеңінің ұзақтығы 3 күнге қысқарды. Егер 27 сәуірде (1 мерзім) егілген кезде егіс-көктеу кезеңі 13 күнді құраса, онда егудің 2 мерзімінде (7 мамыр) осы кезеңінің ұзақтығы 10 күнді құрады, бұл құнбағыс тұқымдарын өсіру үшін қалыптасқан оңтайлы жағдайлармен туңсіндіріледі.

2019 жылғы зерттеулерде көктеу-себеттің пайда болуы кезінде жаңбыр болмаған кезде температуралық ауытқуы байқалды. Бақылау мәліметтері бойынша, себеттің 1 мерзімдегі (27 сәуір) пайда болу кезеңі 18 маусымда байқалды. Көктеу-себеттің пайда болуы кезеңінің ұзақтығы 39 күнді құрады.

Екінші кезеңде (7 мамыр) себеттің пайда болу кезеңі 24 маусымда белгіленген. Көктеу-себеттің пайда болуы фазааралық кезеңінің ұзақтығы 38 күнді құрады. Егістің екінші мерзімінде себеттің пайда болу кезеңі ұзақтығы 1 күнге қысқарды, бұл осы кезеңде қоршаған орта температурасының жоғарылауымен байланысты. Құнбағыстың жер үсті және жер асты органдарының қарқынды өсуі себеттің пайда болуынан бастап гүлдеу кезеңіне дейін созылды. Бұл кезең құнбағысты егудің 1-мерзімінде (27 сәуір) 15 күнге созылды. Егудің 2 мерзімі (7 мамыр) кезінде құнбағыстың себетінің пайда болуы-гүлдеу фазааралық кезеңінің ұзақтығы да 19 күнді құрады. 2-мерзімде себілетін құнбағыстың себеттің пайда болуы-құнбағыс өсімдіктерінің гүлдеуі фазааралық кезеңінің 4 күнге үлғаюы осы кезеңдегі салқын ауа райы жағдайларына байланысты.

Зерттеулерде күнбағыстың гүлдеу фазасы салқын және жоғары ауа температуralары 30-35 градусқа өзгергенде, жазғы жаңбырлардың кезеңімен тұспа-тұс келеді, бұл өз кезегінде күнбағыстың жоғары өнімділігінің қалыптасуына өсер етті.

2019 жылды күнбағыстың пісу фазасынан бастап ауа райының қолайлыш жағдайы қалыптасты (ауа температурасы 25-33 градусты құрап, нөсер жаңбырлар жауды). Егудің 1-мерзіміндегі күнбағыстың пісу фазасы 22 шілдеде байқалды, егудің 2-мерзімінде егілген күнбағыс 1 тамызда пісті.

Егудің 1-мерзімінде (27 сәуір) күнбағыстың гүлдеу-пісу кезеңінің ұзақтығы да 19 күнді құрады. Егудің 2 мерзімінде (7 мамыр) күнбағыстың гүлдеу-пісүі де 19 күнге созылды.

2019 жылғы зерттеулерде егудің 1-мерзіміндегі (27 сәуір) күнбағыстың гүлдеу-пісүі фазааралық кезеңінің ұзақтығы 53 күнді құрады. Егудің 2 мерзімінде (7 мамыр) гүлдеу кезеңі күнбағыстың пісүі 55 күн бойы жүрді.

Жалпы, БҚО 1-құрғақ дала аймағы жағдайында күнбағыстың вегетациялық кезеңінің жалпы ұзақтығы себебі мерзіміне байланысты 118 (1 мерзім) бастап 120 (2 мерзім) күнге дейін құрады.

Күнбағыс өсіру кезінде тұрақты өнім алу үшін егістіктің толыққанды биометриялық деректерін қалыптастыру маңызды. Вегетациялық кезең ішінде күнбағыс биіктігінің өсу динамикасын талдау вегетацияның басында, егудің 1 және 2 мерзіміндегі өсімдік жапырақтарының 2 жұбы фазасында 6,65-8,45 см биіктікте болғанын көрсетті. Егудің бірінші және екінші мерзімдерінде биіктіктің біршама өсуі күнбағыстың тұқым үшін өсірген кезде 1 гектардағы тығыздық 50 мың өсімдік екені анықталды.

7-8 жұп жапырақтар фазасына қарай күнбағыстың сыйықтық өсуі 1-мерзімдік нұсқада 30,51 см, ал егудің 2 нұсқасында 26,66 см-ге жетті (1-кесте).

Кесте 1 – Күнбағыстың себебі мерзіміне байланысты вегетация фазалары бойынша сыйықтық өсу динамикасы, 2019 ж.

Себебі мерзімдері	Өсу фазалары бойынша өсімдіктердің биіктігі, см				
	2 жұп жапырақ	7-8 жұп жапырақ	Себеттің түзілүі	Гүлдеу	Пісү
1-мерзім	8,45	30,51	70,12	126,44	145,00
2-мерзім	6,65	26,66	65,92	120,93	140,00

Одан әрі себеттің пайда болуынан бастап толық гүлдеу фазасына дейінгі кезеңде сыйықтық өсу мейлінше өсіп, 50%-ға жетті. Себеттің пайда болуы кезеңінде күнбағыс өсімдіктерінің биіктігі себебі мерзіміне байланысты 65,92-70,12 см құрады.

Өлшеу мәліметтері көрсеткендегі, 1-ші мерзімдегі күнбағыс өсімдіктері 7-8 жұп жапырақ фазасынан бастап екінші мерзіммен салыстырғанда биіктігі бойынша ерекшеленді. Гүлдеу фазасына қарай 1-мерзімдегі (27 сәуір) күнбағыс өсімдіктерінің биіктігі 126,44 см-ге жетті. Гүлдеу фазасындағы 2-мерзімде (7 мамыр) себілген күнбағыс өсімдіктерінің биіктігі 120,93 см құрады. Биіктік өлшеудің мәліметтері бойынша егін егу мерзіміне байланысты күнбағыстың биік өсіде айырмашылығы бары анықталды.

Пісү фазасындағы зерттеулерде 27 сәуірде егілген кезде тұқымға өсірілетін күнбағыс өсімдіктерінің биіктігі 145,0 см, 10 күннен кейін, яғни 7 мамырда себілген кезде 140,0 см. құрады.

Биометриялық зерттеу деректері көрсеткендегі, өсімдіктердің сақталуы орып алушың мерзімдеріне тікелей тәуелді болып шықты. Жинау алдындағы қалындықты зерттеген кезде анықталғаны, тұқымға өсіру кезінде күнбағыс егістерінің қалындығының себебі мерзіміне байланысты 39,73 мың өсімдік/га (1 мерзім, 90,71% сақталғанда) және 39,83 мың өсімдік/га (2 мерзім, 88,51% сақталғанда) құрайтынын көрсетті.

Бір өсімдіктің өнімділігін және жалпы егінді анықтайтын өнім құрылымының элементтерінің ішінде себет көлемі мен олардың дәнге толуы маңызды рөл атқарады. 2019 жылғы зерттеулердің мәліметтері көрсеткендегі, тәжірибе жүзінде түсімнің құрылымдық құрамды бөліктерінің көрсеткіштері күнбағыс егу мерзімдеріне байланысты болды. Бұл ретте астық құрылымы элементтерінің ең жоғары көрсеткіштері 1 себебі мерзімінде байқалды. Егудің 1 мерзімінде (27 сәуір) күнбағыс өнімі құрылымының көрсеткіштері егудің 2 мерзімінен (7 мамыр) салыстырғанда жоғары болды. Бұл нұсқада күнбағыс себетінің диаметрі 22,0 см, бұл 2 себебі мерзімімен салыстырғанда 2,0 см-ге артық.


1-мерзімде себілген күнбағыс себетінде диаметрі 22,0 см болатын себетте тұқымдардың саны 1000 тұқым, салмағы 46,10 г 1532 дананы құрады. Егудің 2 мерзімінде

диаметрі 20,0 см себette салмағы 1000 тұқымының салмағы 38,63 г болатын 1348 дана анықталды. Күнбағыс себетінде егудің 2 мерзімінде іші бос тұқымдар егудің 1 мерзімімен салыстырғанда 2,15%-дан артық болды.


Әртүрлі себу мерзімдерінің биологиялық өнімділігінің корреляциялық тәуелділігін статистикалық бағалау 1 және 2 суреттерде көрсетілген.

Кесте 2 – БҚО құрғақ-дала аймағында себу мерзімдеріне байланысты күнбағыс тұқымының түсімінің құрылымы, 2019ж.

Себу мерзімдері	Себеттегі тұқымның саны, дана	1000 тұқым салмағы, г	Дән ішінің бос болуы, %	Биологиялық түсім, ц / га	Шикі майдың құрамы, %	Май жиімі, ц / га
1-мерзім	1532	46,10	26,50	28,06	47,85	12,08
2-мерзім	1348	38,63	24,35	20,74	48,88	9,12
HCP ₀₅ , ц/га				5,96		



Сурет 1 – Түрлі себу мерзіміндегі биологиялық түсімділіктің себеттегі тұқымдардың санына тәуелділігі



Сурет 2 – Әртүрлі себу мерзімдеріндегі биологиялық түсімділіктің себет диаметріне тәуелділігі

2-кестенің деректері бойынша майлы тұқымдардың ең үлкен биологиялық түсімділігі егудің 1 мерзімінде (27 сәуір) – 28,06 ц/га, ең төмен түсім егудің 2 мерзімінде (7 мамыр) – 20,74 ц/га болды деген қорытынды жасауға болады. Егіс мерзімдерінің арасындағы биологиялық түсімділіктің айырмасы 7,32 ц/га құрады. Түсім деректері күнбағыс егудің ерте мерзімдерін пайдаланудың орындылығын көрсетеді, бұл Батыс Қазақстанның құрғақ далалы аймағында соңғы жылдары қалыптасқан құрғақшылық жағдайлары үшін ерекше маңызды.

Зерттеулер көрсеткендегі, 2019 жылы күнбағыс тұқымының қауыздылығы себу мерзіміне байланысты болды. Егер егудің 1 мерзімі кезінде (27 сәуір) күнбағыс тұқымының қауыздылығы 23,0% деңгейінде болса, онда егу мерзімінің 10 күнге кешіктірілуі (7 мамыр) тұқымдардың қауыздылығын 1,80%-ға немесе 24,8% -ға дейін арттырады.

Күнбағыс тұқымдарының майлалылығын зерттеген кезде вегетациялық кезеңде қалыптасқан сыртқы орта жағдайларының әсерінен, соның ішінде егіс мерзімдеріне қарай өзгеше болатындығы анықталды. Егістіктің әртүрлі мерзімдерінің майлалылығының салыстырмалы зерттеу нәтижесінде егістіктің екінші мерзімінде майлалылықтың 48,88% -ға дейін артатыны белгілі болды. Бірінші мерзімде күнбағыс майлалылығы 47,85% деңгейінде болды, бұл 2 себу мерзімімен салыстырғанда 1,03% төмен. Бұл зерттеулерден 2019 жылы 12,08 ц/га майдың ең жоғары шығымы күнбағыс 1 мерзімде егілген кезде алынғаны көрініп

тұр. Себу мерзімінің кешіктірілуі майлылық пен биологиялық түсімділікпен қатар майдың шығуын 2,96 ц/га немесе 24,50%-ға төмендетеді.

Әдебиеттер

1. Makowski, N. Kornerleguminosen. In: Liitke Entrup N., Oehmi-chen J. (Hrsg.) Lehrbuch des Pflanzenbaus. Bd. 2. KuJ turpfanzen.Ver-lag Th.Mann Gelsenkirchen. – 2000. – 856 s.
2. Peltonen-Sainio, P. Land use yield and quality changes of minor field crops: is there superseded potential to be reinvented in northern europe? // PLoS ONE. Volume 11, November. – 2016.
3. Smýkal P. legume crops phylogeny and genetic diversity for science and breeding // Critical Reviews in Plant Sciences. Volume 34, № 7, June. – 2015. – P. 43-104.
4. Tagarakis A.C. Proximal sensing to estimate yield of brown midrib forage sorghum // Agronomy Journal. Volume 109, № 1, January-February. – 2017. – P. 107-114.
5. Debaeke P., Casadebaig P., Flenet F., Langlade N. Sunflower crop and climate change: vulnerability, adaptation, and mitigation potential from case studies in Europe // ocloil seeds and fatscrop sand lipids. T. 24, № 1.
6. Пенчуков В. Проблемы подсолнечного поля // Сельские зори. – 1990. – №7. – 30-32 б.
7. Плескачев Н.Н. Минимализация весенне-полевых работ в Нижнем Поволжье // Земледелие. – 2001. – № 1. – 29-30б.
8. Шевелуха В.С. Интенсивные технологии возделывания сельскохозяйственных культур. – М: Знание, 1986. – 646.
9. Wolffhardt H. Anbau der Sonnenblume Landwirtschaft. 1987. – № 2. – 13 s.
10. Насиев Б.Н., Есенгужина А.Н. Влияние сроков посева на продуктивность подсолнечника // Интеллект, идея, инновация. – 2019. – № 1. – С. 105-109.
11. Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау әдістемесі: Үшінші шығарылым. – М.: Колос, 1972. – 240 б.

ИЗУЧЕНИЕ СРОКОВ ПОСЕВА ПОДСОЛНЕЧНИКА

Б.Н. Насиев

Возделывание подсолнечника актуально в климатических условиях Западного Казахстана, характеризующихся высокой теплообеспеченностью и продолжительным вегетационным периодом. В последние годы посевы подсолнечника в Западно-Казахстанской области превышают 40 тыс. га, однако урожайность маслосемян остается невысокой (7,5-10,5 ц/га). В связи с этим, для повышения продуктивности и расширения посевных площадей важное значение имеет разработка адаптивных технологий возделывания подсолнечника. В 1 сухостепной зоне Западного Казахстана адаптивные технологии возделывания подсолнечника мало изучены. В связи с этим, в 2019 году проводились научные исследования по изучению сроков посева подсолнечника для данной зоны. В результате проведенных исследований получены данные, позволяющие оценить продуктивность подсолнечника в зависимости от сроков посева в условиях 1 сухостепной зоны Западно-Казахстанской области. В условиях 2019 года наиболее высокий выход масла 12,08 ц/га получен при посеве подсолнечника в 1 сроке. Задержка срока посева наряду с масличностью и биологической урожайностью снижает выход масла на 2,96 ц/га или на 24,50%.

Тұйін сөздер: күнбағыс, бейінді технология, себу мерзімі, өнімділік, майлылық.

STUDYING THE DATE OF SOWING SUNFLOWER

B. Nasiyev

Sunflower cultivation is relevant in the climatic conditions of Western Kazakhstan, characterized by high heat supply and a long growing season. In recent years, sunflower crops in the West Kazakhstan region exceed 40 thousand hectares, but the yield of oilseeds remains low (7.5-10.5 c / ha). In this regard, the development of adaptive technologies for the cultivation of sunflower is important to increase productivity and expand sown area. In the 1 dry steppe zone of Western Kazakhstan, adaptive technologies for the cultivation of sunflower have been little studied. In this regard, in 2019, scientific studies were conducted to study the timing of sunflower sowing for this zone. As a result of the studies, data were obtained that allow us to evaluate the productivity of sunflower depending on the timing of sowing in the 1 dry steppe zone of the West Kazakhstan region. In 2019, the highest oil yield of 12.08 kg / ha was obtained when sowing sunflower in 1 term. Delayed sowing time along with oil content and biological productivity reduces the oil yield by 2.96 c / ha or 24.50%.

Key words: sunflower, adaptive technology, sowing time, yield, oiliness.